Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Карабалина Г. А., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 05.04.2024

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 28 наурыз 2399-24-00-2а/196 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья Ергазиев М.М.,

судьялар Карабалина Г.А., Нуржанова Б.Б. болып,

прокурор Абдрахманова А.Г., талап қоюшы өкілі Төлеугалиев Ж.Б. қатысуымен

ашық сот отырысында талап қоюшы «Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (әрі қарай - ММ) жауапкер «ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай - ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану жөніндегі талап қоюы туралы азаматтық істі

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 01 қарашадағы шешіміне талап қоюшы «Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-мен берілген апелляциялық шағым бойынша қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ :

«Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сотқа «ГрадСтройСервис» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап, жауапкердің құрылыс жұмыстарын аяқтамағанын, жауапкерге есептелгеен тұрақсыздық айыппұлы 4 458 003 теңге құрағанын, шарт талаптары бұзылғанын көрсетіп, талап қоюмен жүгінген.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (әрі қарай - сот) 2023 жылғы 01 қарашадағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылған.

Соттың 2023 жылғы 01 қарашадағы ұйғарымымен талап қоюдың тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы бөлігі қараусыз қалдырылған.

Талап қоюшы «Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ апелляциялық шағымында сот шешімінің күшін жоюды сұрап, жауапкердің Махамбет ауданындағы бес ауылға спорт алаңын салу бойынша құрылыс жұмыстарының әлі күнге бітпегенін көрсеткен.

Жауапкерге істің қаралатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлама жолданса да, сотқа жауапкер өкілі қатысқан жоқ, қатыспау себебінің дәлелді екені туралы хабарламады және жауапкерден істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түскен жоқ, сондықтан сот алқасы істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарады.

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Карабалина Г. А., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 05.04.2024

Талап қоюшы өкілінің түсініктемесін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп және прокурордың сот шешімінің өзгеріссіз қалдырылуға жататыны туралы қорытындысын тыңдап, сот алқасы төмендегі негіздермен сот шешімінің күші жойылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 427-бабының 1 бөлігінің 1), 3) және 4) тармақтарына сәйкес апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы, шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай құқық нормаларының бұзылуы орын алған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес өнім берушілер өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сотпен анықталғаны, 2023 жылғы 30 наурызда «Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ (тапсырыс беруші) мен «ГрадСтройСервис» ЖШС-нің (мердігер) арасында мемлекеттік сатып алу туралы №13 шарт жасақталған. Шарттың жалпы жалпы құны 185 750 136,54 теңге құрайды.

Шарт бойынша жауапкер «Атырау облысы Махамбет ауданы Ақтоғай, Таңдай, Талдыкөл, Есбол, Жалғансай ауылдарында жасанды төсеніші бар ашық спорт алаңдарын салу» нысаны бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат алған күннен бастап 1,5 ай мерзім ішінде орындауға міндеттенген.

Құрылыс монтаж жұмыстарына рұқсат 2023 жылғы 19 мамырда алынғандықтан, жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылғы 03 шілде болып табылады.

Жауапкермен шарт бойынша жұмыстар орындалмаған.

Сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқанда жауапкердің міндеттемелерін уақытында орындамауына оның кінәсі жоқтығы, атап айтқанда, Талдыкөл, Есбол ауылдарындағы спорт алаңдардың орны басқа жерге өзгертілгеніне және Таңдай ауылындағы спорт алаңына арналған жерді 90°-қа өзгертілгеніне байланысты тиісті құжаттарды дайындауға (жаңа геодезиялық топотүсірілімдер, осьтің бұзылуы туралы актілер, және т.б.)

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Карабалина Г. А., 05.04.2024 Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 05.04.2024

уақыт жұмсалғаны, сонымен қатар, жұмыстың 80% орындалғаны туралы түйін жасаған.

Алайда істі талқылау барысында соттың бұл түйінінің негізсіздігі, соттың істің мән-жайларына дұрыс баға бермегені, осы іс үшін маңызы бар мән-жайларды толық анықтамағаны белгілі болды.

Талап қою сотқа 2023 жылғы 28 шілдеде берілген.

Жауапкер шарт бойынша 5 ауылға 5 спорт алаңын салуға тиіс болған,

тек 3 ауылға салынатын спорт алаңының ғана орны өзгертілген, бұл үшін құжаттарды өзгерту күрделі екені туралы дәлелдемелер сотқа тапсырылмаған. Іс құжаттарынан ауыл тұрғындарының спорт алаңының салынатын орнын өзгерту туралы жиналысы 2023 жылғы мамырда өткені, тиісті құжаттар, соның ішінде атқару сызбасы 2023 жылғы 09 маусымда жасақталғаны көрінеді, яғни шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімін ұзартуға негіз болмаған.

Оның үстіне екі ауылдағы салынатын орны өзгертілмеген спорт алаңдарының да құрылысы осы уақытқа дейін аяқталмаған.

Сондықтан соттың спорт алаңдары салынатын жердің өзгертілгеніне объективті дәлелді себептер ретінде сілтеме жасауы негізсіз.

2023 жылғы 03 шілдеде аяқталуға тиіс жұмыстар 2023 жылғы 28 шілдеде сот шешімі шыққан кезде де аяқталмаған.

Сот алқасының отырысында талап қоюшы өкілі шарт бойынша жұмыстардың қазіргі кезде де аяқталмағанын, нысандардың пайдалануға әлі берілмегенін көрсетті.

Сот алқасы, істің мән-жайларын саралап, талап қоюдың негізділігі туралы тұжырымға келеді. Жоғарыдағылар негізінде сот шешімі негізсіз болғандықтан күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдануға, апелляциялық шағым қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 424 бабының 1-бөлігінің 2)-3) тармақшаларын, 425 бабының 1) тармақшасын, 426-бабын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ :

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 01 қарашадағы шешімінің күші жойылсын және талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талап қоюшы «Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен басқа да іске қатысушы тұлғалар, АПК-нің 435, 436 баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енгеннен бастап алты ай мерзімде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына қаулыны

2399-24-3-2/196

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 05.04.2024

Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 05.04.2024 Құжатқа қол қойылған: Карабалина Г. А., 05.04.2024

қайта қарау туралы өтінішхат беруге құқылы.

Төрағалық етуші Ергазиев М.М.

Судьялар Карабалина Г.А.

Нуржанова Б.Б.

2399-24-3-2/196

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Карабалина Г. А., 05.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 05.04.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

2399-24-3-2/196